



Неміс классикалық философиясы



Қабылдаған: Малдыбек А
Орындаған: Бабаханова Ш
Тобы: ПМД - 611

shava.kz

ЖОСПАР:

- ▶ Неміс философиясы қысқаша мәлімет.
- ▶ Неміс философиясының тарихы.
- ▶ Неміс философиясын зерттеушілер.
- ▶ ХІХ ғасырдағы неміс философиясы.
- ▶ Людбиг Фейербах.
- ▶ Қорытынды.



Неміс философиясы. Тарихы.

Неміс философиясы – неміс халқының философиялық білімдер жүйесі. Неміс философиясы дүниежүзілік философиялық ойдың дамуына зор әсер етті. Рухани өмірге терең талдау жасау, тиянақты филос. жүйе құруға бейімділік – неміс ойшылдарының көбіне тән ерекшелік.

Тарихы:

Германиядағы философияның алғашқы түрі ортағасырлық схоластика болды (Х.Мавр, Н.Немецкий, Г.Сен-Викторский). Соңғы схоластиканың көрнекті өкілі алғашқы христиан аристотельшілерінің бірі Ұлы Альберт болды. Дәстүрлі Неміс философиясы мистикамен тығыз байланыста дамыды. Оның алғашқы өкілдері монах әйелдер – Хильдегарда Бингенская (12 ғ.) мен Мехтильда Магдебургская (13 ғ.). И.Экхарт бұл ілімді одан ары дамыта түсті.

Классикалық неміс философиясы ойлау мен болмыстың диалектикалық байланысын аша отырып, танымдағы субъектінің рөлін айқындады. Сондай-ақ, ойлаудың болмысқа қатынасы арқылы таным теориясындағы объекті мен субъектінің диалектикалық арақатынасын ашып, теориялық ойлау формасын жаңа сатыға көтеріп, философиялық категориялардың атқаратын рөлін көрсетіп берді.


Сондықтан неміс ойшылдары Батыс Еуропадағы осы тарихи дамуды басынан кешіре отырып, ағылшындар және француздардың мәдени, рухани дамуының байлығын бойына сіңіре отырып, жаңа классикалық философияның озық үлгілерін берді. Классикалық неміс философиясы бүкіл философия тарихындағы мұраны игеріп, алдыңғы қатарлы мәдениет пен ғылымға сүйеніп, сол кездегі қоғамдық дамуды терең талдай отырып, жаңа диалектикалық әдістің, таным теориясының, логиканың шығуына түрткі болды.

Классикалық неміс философиясының негізін калаушы, әрі оның атасы – И. Кант (1724-1804) болды. Ол өзінің философиясын ең алдымен, бұған дейінгі дәуірде бір-бірінен алшақ кеткен логика, таным теориясы және диалектика туралы проблемаларды жан-жақты талдаудан бастады.



Иммануил Кант (1724 – 1804)

Неміс классикалық философиясының негізін қалаушы көрнекті ғалым Иммануил Кант бүкіл өмірін Кенисберг қаласында өткізген. Негізгі еңбектері: «Әлемнің әмбебаптық табиғи тарихы мен теориясы», «Практикалық ақыл-ойды сынау», «Таза ақыл-ой шеңберіндегі дін» және т.б.



Людвиг Фейербах (1804-1872)


- Зерделі философияға жаңа бет-бұрыс жасауға ұмтылған немістің ұлы ойшылы Л.Фейербах (1804-1872) болды. Оның 1841 жылы жарық көрген «Христиан дінінің мәні» деген еңбегі философия тарихындағы жаңа дәуірдің бетін ашты деуге болады.
- Фейербах классикалық неміс философиясының ақырғы буыны еді. Ол өз жүйесін И. Кант қалыптастырған жолдан тайдырып, жаңадан философиялық жүйе жасады.
- Ол өзінің философиясын «болашақтың философиясы» деп атады.



Фридрих Вильгельм Шеллинг (1775 – 1854)

(1770 жылғы тамыздың 27-сі (Штутгарт, Алмания) — 1831 жылғы қазанның 14-і) — неміс пәлсапашысы, неміс классикалық философиясы мен романтизм философиясы философтарының бірі. Йоганн Готлиб Фихте және Фридрих Вильгельм Йозеф Шеллингпен бірге неміс идеализмінің негізін қалаушы.

Негізгі еңбектері:
«Трансцендентальдық идеализм жүйесі», «Адам бостандығының мәні туралы»...



Йоганн Готлиб Фихте

(1762 – 1814)



Йоганн Готлиб Фихте (1762 жылғы мамырдың 19-ы — 1814 жылғы қаңтардың 27-сі) — неміс пәлсапашысы. Ол Иммануил Канттың теориялық және этикалық еңбектерінен бастау алған неміс идеализмі атты пәлсапалық ағымның бастаушыларының бірі болған. Фихтенің пәлсапалық ойлары көбінесе Кант пен Гегелдің пәлсапаларын өзара қосып тұратын көпірмен салыстырылады. Кейінгі кездері Фихте өзіндік сана мен өзіндік сезім туралы тың ойлар айтқан пәлсапашы ретінде өзінің қосқан үлесі үшін де бағалана бастады. Өзінен бұрынғы Декарт пен Кант сияқты, Фихте де субъективтілік пен сана сияқты мәселеге көп көңіл бөлді. Фихте саяси пәлсапа (саясаттану) тақырыбына да бағыштап еңбектер жазды; кейбіреулер оны неміс ұлтшылдығының әкесі деп қарастырады. Негізгі еңбектері: «Ғылым туралы ілім», «Адамның міндеті», т.б.

Қорытынды

Философия — адамзат баласының сонау ықылым заманнан басталған білімі, қоғамдық сананың формасы, болмыс пен танымның жалпы заңдылықтары туралы ілім. Кез-келген адамды әлем, қоршаған орта, қоғам, дін, діл, білім, саясат, мәдениет секілді мәселелер бей-жай қалдырмайтыны айдан анық. Міне, осы іспеттес мәселелер философия пәнінің негізгі қарастыратын бөлімдері болып табылады. Философия сөзі грек тілінен аударғанда - даналыққа деген махаббат мағынасын білдіреді. Б.з.д. 7-6 ғ.ғ. Ежелгі Үндістан, Қытай және Грекия жерлерінде бір уақытта пайда болады. Мәліметтерге сүйенсек, «философия» терминін алғаш қолданған Антика дәуірінің атақты пәлсапашысы (философы) және математигі Пифагор.



Назарларыңызға
рахмет!

